2025 жылғы қаңтар-мамырдағы жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімдерін өндіру көлемі 2025 жылғы қаңтар-мамыр кезеңінде 54,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңнің көрсеткішінен ***45%*** жоғары. Қарастырылып отырған кезеңде саланың НКИ көрсеткіші **106,8%** құрады.

НКИ өсуі тауарлардағы өндіріс көлемінің: кеңсе ағаш жиһазы *67,2%*; асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз *3,4%* ұлғаюымен байланысты. Өзге де жатын бөлмеге арналған ағаш жиһазы (кереуеттер мен шкафтардан басқа) *40,8%*; ас үй жиһазы *11,7%;* негізінен металл қаңқасы бар арнайы отыруға арналған жиһазы *1,6%* төмендеуі байқалады.

Жиһаз өнімдерін **тұтынудың ішкі нарығы** 2025 жылғы қаңтар-сәуірде **212,1 млн. АҚШ** долларын құрады. Ішкі нарық импортқа тәуелді болып қалады. 2025 жылғы қаңтар-сәуірде отандық өндірістің үлесі **38,1%** құрады.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің **экспорт көлемі 2025 жылғы қаңтар-сәуірде 8,1 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңнен **2,3 есе** жоғары**.**

2025 жылғы қаңтар-мамырдағы жиһаз саласы экспортының тауар құрылымында негізгі көлем мынадай тауарларға тиесілі болды: өзге де металл жиһаз *(2 548,6 мың АҚШ доллары*), отыруға арналған жиһаз (9402 тауар позициясында көрсетілгеннен басқа), төсекке түрлендірілетін немесе түрлендірілмейтін және оның бөліктері: өзге де бөліктер *(1 371,5 мың АҚШ доллары)* отыруға арналған өзге де жиһаз (*1 070,5 мың АҚШ доллары*), пластмассадан жасалған жиһаз (*686,5 мың АҚШ доллары.),* металл қаңқасы бар отыруға арналған өзге де жиһаз (*373,6 мың АҚШ доллары*) және т. б.

Жиһаз өнімдері экспортының көлемі Ресейге *(48,7% немесе 3 943,5 мың АҚШ доллары)*, Өзбекстанға *(24,7% немесе 1 996,2 мың АҚШ доллары)*, Қырғыстанға *(9,6% немесе 773,1 мың АҚШ доллары) және т.б*. жіберілді.

Жиһаз өнеркәсібі өнімдерінің **импортының көлемі 2025 жылғы қаңтар-сәуірде 131,4 млн. АҚШ долларын** құрады, бұл 2024 жылғы ұқсас кезеңнен **5%-ға жоғары**.

Тауар құрылымында импортталатын жиһаз өнімдерінің ең көп көлемі мынадай тауарларға тиесілі: өзге де металл жиһаз *(25 347,4 мың АҚШ доллары),* өзге де ағаш жиһаз *(19 204 мың АҚШ доллары),* өзге де жиһаз және оның бөліктері:өзгелері *(9 810,4 мың АҚШ доллары),* өзге де ағаш қаңқалы, қапталған, отыруға арналған жиһаз *(9 396,9 мың АҚШ доллары),* жатын бөлмесінің ағаш түріндегі жиһаз *(8 895,7 мың АҚШ доллары),* және т.б.

Импортталатын жиһаз өнімдерінің негізгі көлемі Ресейден *(41,9 млн. АҚШ долларына немесе 31,9%),* Қытайдан *(41,4 млн. АҚШ долларына немесе 31,5%),* Беларусиядан *(9,2 млн. АҚШ доллары немесе 7%),*Италиядан *(8,2 млн. АҚШ доллары немесе 6,3%),* Түркиядан *(7,2 млн. АҚШ долларына немесе 5,5%)* келеді.

Аумақтық бөліністе жиһаз компаниялары елдің барлық өңірлерінде орналасқан. Бірақ еліміздің жиһаз өнімі көлемінің 21,2% Алматы қаласында *(11,6 млрд. теңге)* өндірілетінін атап өту маңызды.

